$t_{т.л.}$ – отынның температурасы 120°C деп аламыз;

Құрғақ отын үшін жұмыстық жылусыйымдылық формуласы былай анықталады:

$$C_{т.л.} = \frac{W_p}{100} + C_{т.л.}^c \cdot \frac{100 + W_p}{100}$$

$W_p = 10\%$, отынның ылғалдылығы;

$C_{т.л.}^c = 0,026 \text{ ккал/(кг}\cdot^{\circ}\text{C)}$ құрғақ масса жылусыйымдылығын таблицадан аламыз.

$$C_{т.л.} = \frac{10}{100} + 0,026 \cdot \frac{100 + 10}{100} = 0,1286 \text{ ккал/(кг}\cdot^{\circ}\text{C)}$$

$i_{т.л.} = 0,1286 \cdot 120 = 15,432 \text{ ккал/кг}$

$15,432 \text{ ккал/кг} = 64,613 \text{ кДж/кг}$

Отынның жану жылуы:

$$Q_p^p = 16240 + 0 + 64,613 = 16304,619 \text{ кДж/кг}$$

Отынның жылу шығындарын есептеу:

Шығар газдармен кететін жылу шығыны:

$$q_2 = \frac{(I_{yx} - \alpha_{yx} I_{xв}^0)(100 - q_4)}{Q_p^p}$$

Шығар газдардың ыстықтығы $t_{yx} = 128 \text{ }^\circ\text{C}$

Шығар газдардың қажыры $I_{yx} = 1276,73 \text{ кДж/кг}$

Қазандықтағы ауа ыстықтығы $t_{x.в.} = 30 \text{ }^\circ\text{C}$

Қазандықтағы ауаның теориялық қажыры $I_{x.в.}^0 = 161,17 \text{ кДж/кг}$

$$q_2 = \frac{(1276,73 - 1,27 \cdot 161,17) \cdot (100 - 3)}{16304,619} = 6,62\%$$

Отынның химиялық кемжануынан болатын жылу шығыны:

$$q_3 = 0 \%$$

Отынның механикалық кемжануынан болатын жылу шығыны:

$$q_4 = 3 \%$$

Сыртқы суытудан болатын жылу шығыны:

$$q_5 = 0,4 \%$$

Қож жылулығынан кеткен жылу шығыны:

$$q_6 = 0,07 \%$$

Жалпы жылу шығыны:

$$\Sigma q = q_6 + q_5 + q_4 + q_3 + q_2$$

$$\Sigma q = 0,07 + 0,4 + 3 + 0 + 6,62 = 10,09 \%$$

Қазанның пайдалы әсер коэффициенті:

$$\eta_{ка} = 100 - \Sigma q$$

$$\eta_{ка} = 100 - 10,09 = 89,91 \%$$

Жылудың сақталу еселеуіші:

$$\varphi = 1 - \frac{q_5}{\eta_{ка} + q_5}$$

$$\varphi = 1 - \frac{0,4}{89,91 + 0,4} = 0,998$$

Отынның есептеме отын шығынын:

Қазанның бу өндірулігі: $D=420$ тонна/сағ

$$D=116,66 \text{ кг/с}$$

Дағырадағы бу қысымы: $P=13,8$ МПа

Бу ыстықтығы: $t_{пп}=560^\circ\text{C}$

Қоректік судың ыстықтығы $t_{пв}=230^\circ\text{C}$

Қаныққан будың қажыры: $I_{пп}=3486,9$ кДж/кг

Қоректік судың қажыры: $I_{пв}=992,9$ кДж/кг

Судың қажыры: $I_{кип}=1645,7$ кДж/кг

Үрлеу мәні: $p=1,5 \%$

Пайдалы қолданылған жылу:

$$Q_{пол} = D \cdot (I_{пп} - I_{пв}) + 0,01 \cdot p \cdot (I_{кип} - I_{пв}) \cdot D$$

$$Q_{пол} = 13,8 \cdot (3486,9 - 992,9) + 0,015 \cdot (1645,7 - 992,9) \cdot 13,8 = 34552,33 \text{ кВт}$$

Толық отынның шығысы:

$$B = \frac{Q_{ка} \cdot 100}{Q_p^p \cdot \eta_{ка}}$$

$$B = \frac{34552,33 \cdot 100}{16304,619 \cdot (100 - 10,09)} = 2,35 \text{ кг/с}$$

Есептеме отын шығысы:

$$B_p = B \cdot 0,01 \cdot (100 - q_4)$$

$$B_p = 2,35 \cdot 0,01 \cdot (100 - 3) = 2,28 \text{ кг/с}$$

2.10.2. Биогаз отыны үшін жылу баланс және отын шығынының есептемесі

Отынның жану жылуы:

$$Q_p^p = Q_H^p + Q_{в.н.} + i_{т.л} \quad \text{кДж/кг}$$

Екібастұз көмірінің төменгі жану жылуы:

$$Q_H^p = 36720 \text{ кДж/кг}$$

Қазандыққа келетін ауа жылуы:

$$Q_{в.н.} = \beta'' \left[(I_{\theta}^o) - I_{x.в.}^o \right]$$

Қазандыққа келетін ауа және отын температурасы 30°C болғандықтан олардың энтальпиялары да бірдей болады. Сәйкесінше энтальпиялар нөлге тең. $Q_{в.н.} = 0$ -ге деп аламыз.

Отынның физикалық жылуы:

$$i_{т.л.} = C_{т.л.} \cdot t_{т.л.}$$

$C_{т.л.}$ – жұмыстық отынның жылусыйымдылығы;

$t_{т.л.}$ – отынның температурасы;

Газ тәрізді отынның жұмыстық жылусыйымдылық формуласы былай анықталады:

$$C_{т.л.} = 0,01(C_{H_2} \cdot H_2 + C_{CO} \cdot CO + C_{CH_4} \cdot CH_4 + C_{C_2H_6} \cdot C_2H_6 + C_{C_3H_8} \cdot C_3H_8 + C_{C_4H_{10}} \cdot C_4H_{10} + C_{C_5H_{12}} \cdot C_5H_{12}) + 0,0124$$

$$C_{т.л.} = 0,01 \cdot (0,309 \cdot 0,308 + 0,406 \cdot 0,311 + 0 \cdot 0,392 + 0 \cdot 0,596 + 0 \cdot 0,838 + 0 \cdot 1,124 + 0 \cdot 1,394) + 0,0124 = 0,014 \text{ ккал}/(\text{м}^3 \cdot ^{\circ}\text{C})$$

$$i_{т.л.} = 0,014 \cdot 120 = 1,64 \text{ ккал}/\text{м}^3$$

$$1,64 \text{ ккал}/\text{м}^3 \cdot 6,86 \text{ кДж}/\text{м}^3$$

Отынның жану жылуы:

$$Q_p^p = 36720 + 0 + 6,86 = 36727 \text{ кДж}/\text{м}^3$$

Отынның жылу шығындарын есептеу:

Шығар газдармен кететін жылу шығыны:

$$q_2 = \frac{(I_{yx} - \alpha_{yx} I_{xв}^0)(100 - q_4)}{Q_p^p}$$

Шығар газдардың ыстықтығы $t_{yx}=128\text{ }^{\circ}\text{C}$

Шығар газдардың қажыры $I_{yx}=2377,17\text{ кДж/м}^3$

Қазандықтағы ауа ыстықтығы $t_{x.в.}=30\text{ }^{\circ}\text{C}$

Қазандықтағы ауаның теориялық қажыры $I_{x.в.}^0=563,4\text{ кДж/ м}^3$

$$q_2 = \frac{(2377,17 - 1,27 \cdot 563,4) \cdot 100}{36727} = 4,52$$

Отынның химиялық кемжануынан болатын жылу шығыны:

$$q_3 = 0,5\%$$

Отынның механикалық кемжануынан болатын жылу шығыны:

$$q_4 = 0\%$$

Сыртқы суытудан болатын жылу шығыны:

$$q_5 = 0,4\%$$

Жалпы жылу шығыны:

$$\Sigma q = q_6 + q_5 + q_4 + q_3 + q_2$$

$$\Sigma q = 0,4 + 0 + 0,5 + 4,52 = 5,42\%$$

Қазанның пайдалы әсер коэффициенті:

$$\eta_{ка} = 100 - \Sigma q$$

$$\eta_{ка} = 100 - 5,42 = 94,58\%$$

Жылудың сақталу еселеуіші:

$$\varphi = 1 - \frac{q_5}{\eta_{ка} + q_5}$$

$$\varphi = 1 - \frac{0,4}{94,58 + 0,4} = 0,995$$

Отынның есептеме отын шығынын:

Қазанның бу өндірулігі: $D=420$ тонна/сағ

$$D=116,66 \text{ кг/с}$$

Дағырадағы бу қысымы: $P=13,8$ МПа

Бу ыстықтығы: $t_{пп}=560^\circ\text{C}$

Қоректік судың ыстықтығы $t_{пв}=230^\circ\text{C}$

Қаныққан будың қажыры: $I_{пп}=3486,9$ кДж/м³

Қоректік судың қажыры: $I_{пв}=992,9$ кДж/м³

Судың қажыры: $I_{кип}=1645,7$ кДж/м³

Үрлеу мәні: $p=1,5$ %

Пайдалы қолданылған жылу:

$$Q_{\text{пол}} = D \cdot (I_{\text{пп}} - I_{\text{пв}}) + 0,01 \cdot p \cdot (I_{\text{кип}} - I_{\text{пв}}) \cdot D$$

$$Q_{\text{пол}} = 13,8 \cdot (3486,9 - 992,9) + 0,015 \cdot (1645,7 - 992,9) \cdot 13,8 = 34552,33 \text{ кВт}$$

Толық отынның шығысы:

$$B = \frac{Q_{\text{ка}} \cdot 100}{Q_p^p \cdot \eta_{\text{ка}}}$$

$$B = \frac{34552,33 \cdot 100}{36727 \cdot (100 - 5,42)} = 1,14 \cdot \text{м}^3 / \text{с}$$

Есептеме отын шығысы:

$$B_p = B \cdot 0,01 \cdot (100 - q_4)$$

$$B_p = 1,14 \cdot 0,01 \cdot (100 - 0) = 1,14 \text{ м}^3 / \text{с}$$

3. Экономикалық бөлім

Қазіргі кезде отын ретінде қолданылып жүрген газ бен көмірдің қымбаттылығы халықтың әлеуметтік жағдайына әсер етпей қоймайды. Әсіресе қала тұрғындарының әлеуметтік жағдайының төмендігін ескеретін болсақ, тұрғындардың қол жетімді отынға зәру болып отыр. Экономикалық тиімді әрі қоршаған ортаның ластануын азайту мақсатында жанартылатын энергия көзін пайдалану біз үшін міндет. Сондай бейдәстүрлі отындардың бірі қалдықтардан бөлінетін биогаз. Қаланың ортасында орналасқандықтан ЖЭО-1 қала атмосферасын ластайды. Сол себепті мен биогаз қондырғысын пайдалана отырып, арзан отын мен биотыңайтқыш алу арқылы жергілікті тұрғындардың әлеуметтік мәселесін біршама болса да шешемін.

Биогаз қондырғысын қоймас бұрын оның артықшылығына тоқталып кетсем:

- Биогаздың тұрғындарға арзан бағада болуына;
- Биогаз арзан болғандықтан бәсекелестің өсуінен басқа да отын мен күнделікті қажеттіліктің қол жетімді болуына;
- Энергия бағасын біршама болсын арзандатуға;
- Қоршаған ортаны қорғау арқылы таза отын алуға;
- Газ бен биотыңайтқыш алу арқылы сырттан келетін импорттың төмендеуіне;
- Тыңайтқыш әсерінен ауылшаруашылығындағы өнімнің өсуіне;
- Газ бен тыңайтқышты сату арқылы қомақты қаражатқа ие болуға;
- Ішкі миграцияның төмендеуіне;

Биогаз станциясының техникалық сипаттамалары:

3.1-кесте

Сипаттамасы	Көлемі	Көрсеткіштері				
		20	40	60	80	100
Қалдықтың өндірулігі	т/күн	20	40	60	80	100
Биогаздың өндірулігі	м ³ /күн	1300	2600	4000	5200	6500
Қызмет көрсететін	Адам	1	1	1	1	1
Алатын көлемі	Га	0,3	0,4	0,5	0,6	0,7
Биотыңайтқыш-тың шығуы	т/күн	13,5	27	40	54	67,5

Қалалар мен ауылшаруашылығынан, жеңіл тамақ өнеркәсібінен шығатын қалдықтар қоршаған ортаны ластайтындықтан, «Қоршаған ортаны қорғау» заңы бойынша мемлекетке қомақты қаражат төлейді. Мен өз жұмысымда биогаз қондырғысына қажетті қалдықтарды кәсіпкерлермен бірлесе келісе отырып, өзіме және олардың пайдасына байланысты қабылдаймын. Орналасу ара қашықтығына байланысты орташа есеппен 1т =1000тг деп қабылдадым. Экономикалық есептеулерде биотыңайтқыштың бағасының қымбатығын ескеремін. Жуық мөлшермен 1т биогумус 3000тг деп қабылдадым. Биогаз қондырғысы қалдықтардан биогаз, биогумус сонымен қатар көміртегі диоксидін алады. Көміртегі диоксидін сату арқылы қосымша пайда табуға болады.

Артықшылықтарды ескере отырып, қондырғыны техника – экономикалық есептеу арқылы тиімділігін көреміз.

Жылдық газ көлемінің мөлшерін есептеу үшін әр жергілікті жердегі тұтыну көлемін анықтаймыз.

3.1. Биореактордан шыққан биогаздың өзіндік құнын есептеу

Жылулық есептеуден БКЗ-420-140қазандығына тәуліктік нормада қаншалықты отын керек екенін аламыз.

БКЗ-420-140 қазандығындағы отын шығысы:

$$V=900 \text{ м}^3/\text{сағ}$$

Бір жылға қажетті отын шығысы: $V=7884000 \text{ м}^3/\text{жыл}$

Тұтынушының қажеттілігін орындау мақсатында кестедегі мәлімет бойынша маған күніне 270 т қалдық өндіретін қондырғы қажет. Биогаз қондырғысына кететін шығын:

$$Ш_6 = 4000000\$ = 728 \text{ млн.теңге}$$

Газдың пайда болуына әсер ететін жылу көзі керек. Ол үшін біз ЖЭО-нан ыстық бу немесе су пайдаланамыз. Оны қазаннан реакторға құбыр арқылы тасымалдау үшін - 3000\$. БГҚ-дан кейін газ тазарту қондырғысына барады. Газ тазарту қондырғысының бағасы - 2000\$. Биотыңайтқыш сақтайтын қоймаға 3000\$ кетеді деп есептесем, қондырғылардың барлық шығыны:

$$Ш_{гдк} = Ш_{бк} + Ш_{ж.к.} + Ш_{гтк} + Ш_{биотын}$$

$$Ш_{гдк} = 24000 + 3000\$ + 2000\$ + 3000\$ = 32000 \$ = 5,824 \text{ млн.теңге}$$

$Ш_{гж}$ - газ желісіне кететін шығындар, оның құрамына: биогаз қондырғысынан ЖЭО-ның отын жағу трактісіне дейін газ желісін тарту. Газ торабының ұзындығы $L_{ж}$ – 30000м, ал әр 1м желінің құны 15\$ деп қабылданады. Орташа қысымдағы газ құбыры торабына газ реттеуші пунктер ГРП қойылады $Ш_{грп}$ құны шамамен -4000 \$. Газ тазарту қондырғысынан

кейін газ реттеуші станция ГРС қойылады оның құны $Ш_{грс}$ - 3000\$.

$$\text{Ш}_{\text{ГЖ}} = \text{Ш}_{\text{күб}} + \text{Ш}_{\text{ГРС}} + \text{Ш}_{\text{ГРП}} \$.$$

$$\text{Ш}_{\text{ГЖ}} = 30000 * 15 + 4000 + 3000 = 457000 \$ = 83,174 \text{ млн. теңге}$$

Жалпы газды өндіргеннен таратқанға дейін кеткен шығын:

$$\text{Ш}_{\text{ГТШ}} = \text{Ш}_{\text{ГДК}} + \text{Ш}_{\text{ГЖ}} = 4000000 \$ + 457000 \$ = 4457000 \$$$

$$\text{Ш}_{\text{ГТШ}} = 811,174 \text{ млн. теңге}$$

Биотыңайтқыш тоннасына 3000 тг десем, таңдап алған қондырғымның көрсеткішіне орай 250т тыңайтқыш алсам, одан шығатын пайда:

$$P_{\text{биотын}} = 250 * 3000 * 365 = 273750000 \text{ тг/жыл}$$

$$P_{\text{биоты}} = 1504200 \$/\text{жыл}$$

Күніне 270 т қалдықты тоннасын 1000тг-ден қабылдаймын, одан жылына шығатын шығын:

$$\text{Ш}_{\text{қалдық}} = 270 * 1000 * 365 = 98550000 \text{ тг/жыл}$$

$$\text{Ш}_{\text{қалдық}} = 541500 \$/\text{жыл}$$

Жұмысшының орташа айлығын ЖЭО-1 де қалалық нормаға сай 70000тг десем, 40 адам жұмыс жасайтын болса еңбекақыға кеткен шығын:

$$\text{Ш}_{\text{са}} = 70000 * 40 * 12 = 33600000 \text{ тг/жыл}$$

$$\text{Ш}_{\text{са}} = 231000 \$/\text{жыл}$$

Ш_a - амортизациялық аударылымдар, елді мекенді газбен қамтамасыз ету сұлбасына қажетті қосынды капиталдық салымдардың 8 % мөлшерінде қабылданады:

$$\text{Ш}_a = 0,08 * \text{Ш}_{\text{ГТШ}} = 0,08 * 4457000 \$ = 356560 \$ = 64,89 \text{ млн. теңге.}$$

$\text{Ш}_{\text{жөн}}$ - қондырғыларды жөндеуге кеткен шығындарды төмендегі кейіптемемен қабылдаймыз:

$$\text{Ш}_{\text{жөн}} = 0,15 * \text{Ш}_a = 0,15 * 356560 \$ = 53484 \$ = 9,73 \text{ млн. теңге.}$$

$\Pi_{\text{жалпы}}$ - жалпы стансалық шығындар төменгілердің қосындысынан 30 % шамасында қабылданады:

$$\Pi_{\text{жалпы}} = 0,3 * (\Pi_{\text{са}} + \Pi_{\text{а}} + \Pi_{\text{жөн}}), \text{ мың } \$.$$

$$\Pi_{\text{жалпы}} = 0,3 * (231000 + 356560 + 53484) = 123082,5 \$ = 22,4 \text{ млн. теңге}$$

1 м³ газдың өзіндік құны нормаға сай есептелініп, қалаға дейін газ жеткізу, көшедегі газ жүйесі, еңбекақы шығындары барлық үйге қатысты және олар әрбір өндірілген газға өз үлесін қосуы керек. Қалдыққа шығатын шығынды жыл бойғы жүктеменің 75%-ін қабылдаймын. Биогумус сатудан шыққан пайданың 38%-ін тұтынушыларға арзан отын беру мақсатында компенсация ретінде бөлеміз.

$$S = \frac{\Pi_{\text{а}} + \Pi_{\text{жөн}} + \Pi_{\text{жалпы}} + \Pi_{\text{са}} + \Pi_{\text{отын}} - \Pi_{\text{биоты}} * 0,38}{Q_{\text{и}}} \text{ (\$) теңге/м}^3$$

$$S = \frac{356560 + 53484 + 123082,5 + 231000 + 541500 - 1504200 * 0,38}{7884000} = 0,04 \$/\text{м}^3$$

$$S = 7,28 \text{ теңге/м}^3$$

ЖЭО-ның жылу энергиясын жіберу тарифінің рентабелділігі 25% делік, демек

$$T_{\text{ж}} = S * 1,25 \text{ теңге/м}^3.$$

$$T_{\text{ж}} = 7,28 * 1,25 = 9,1 \text{ теңге/м}^3$$

ЖЭО жылу энергиясын сату кезіндегі кіріс: Кіріс = $T_{\text{ж}} * Q_{\text{ж}}$, млн. теңге, ал қосынды шығындар келесідей анықталады: $\Pi = S_{\text{ж}} * Q_{\text{ж}}$, млн. теңге. Олардың айырмасы пайданың мөлшерін береді: $\Pi = \text{Кіріс} - \Pi$, млн. теңге, мөлшері 30 % тең. Табыс салығын төлегеннен кейін таза пайда шығады, $\Pi_1 = \Pi * (1 - 0,2)$ бұл толығымен банкке несие қайтаруға кетеді, демек қаржылық ағынды CF-ті құрайды.

$$\text{Кіріс} = T_{\text{ж}} * Q_{\text{ж}} = 9,1 * 7884000 = 71,744 \text{ млн. теңге}$$

$$\Pi = S_{\text{ж}} * Q_{\text{ж}} = 7,28 * 7884000 = 57,395 \text{ млн. теңге.}$$

$$\Pi = \text{Кіріс} - \Pi = 71,744 - 57,395 = 14,349 \text{ млн. теңге}$$

$$\Pi_1 = 14,349 * (1 - 0,2) = 14,349 * 0,8 = 11,48 \text{ млн. теңге}$$

$$ТП_2 = П_{биотын} * 0,62 = 273,75 * 0,62 = 169,725 \text{ млн.тенге}$$

$$ТП = П_{биотын} * 0,62 + П * 0,8 = 11,48 + 169,725 = 181,205 \text{ млн.тенге}$$

3.2. Таза келтірілген құнды NPV анықтау әдісі

Бұл инвестициялық жобаны жүзеге асыру нәтижесінде фирманың құны қаншаға көтеріле (немесе сол инвестициядан берілген мерзімде түсетін таза пайданы көрсетеді) алатындығын көрсететін инвестицияны анықтаудың әдісі және ол төмендегідей анықталады

$$NPV = \frac{CF_1}{(1+r)^1} + \frac{CF_2}{(1+r)^2} + \dots + \frac{CF_n}{(1+r)^n} - I_0 = \sum_1^n \frac{CF_n}{(1+r)^n} - I_0$$

3.2-кесте I_0 – бастапқы қаржылық салымдар.

Жыл	CF	R10%	PV10%	R15%	PV15%
0	-4457000	1	-4457000	1	-4457000
1	995700	0,90909	905181,818	0,86957	865826,087
2	995700	0,82645	822892,562	0,75614	752892,2495
3	995700	0,75131	748084,147	0,65752	654688,9126
4	995700	0,68301	680076,498	0,57175	569294,7066
5	995700	0,62092	618251,361	0,49718	495038,8753
6	995700	0,56447	562046,692	0,43233	430468,5872
7	995700	0,51316	510951,538	0,37594	374320,5107
NPV			390484,617		-314470,071

$$R = \frac{1}{(1+r)^n}$$

NPV есептеу PV-дің бірінші оң мәніне дейін жүргізіледі. Егер есептеу берілген мерзімде жылдар бойынша тиімсіз болса, онда жобаның стратегиясын қайта қарау керек, CF-ті көбейту немесе r-і төмен банк табу керек.

Егер NPV фирмаға қажет уақытты қанағаттандырса, онда жобаның нәтижесінде фирманың құны өседі, яғни жоба тиімді, оны қабылдау қажет.

Бұл әдістің кеңінен қолданылуы бастапқы шарттардың әртүрлі комбинацияларға барлық жағдайларда экономикалық ұтымды шешімдерді табуға мүмкіндік бере алатын тұрақтылығымен түсіндіріледі.

3.3. Пайданың ішкі нормаларын IRR есептеу әдісі

Пайданың ішкі нормасы инвестициялау мақсатына бағытталған қаржының өтелу деңгейін көрсетеді. Бұл r -дің қандай мәнінде $NPV=0$ болатын көрсетеді

$$\sum_1^n \frac{CF_n}{(1+r)^n} - I_0 = 0.$$

$NPV=0$ болған кездегі IRR – бұл жоба фирманың құнының өсуін қамтамасыз етпейді және оның төмендеуіне әкелмейді. Бұл дисконттық еселеуіш ($R=1: (1+r)^n$) инвестицияларды жарамды және пайдасыз деп бөледі. IRR-ді инвестициялауға капиталды қандай бағаға алғанын және оны пайдаланғанда қандай таза пайда деңгейін алғысы келетіні (барьерлік еселеуіш) ескере отырып фирма өзіне таңдайтын салымдардың өтелу

IRR шамасы төмендегі кейіптемемен анықталады:

$$IRR = r_1 + \frac{NPV_{r_1}}{NPV_{r_1} - NPV_{r_2}} \cdot (r_2 - r_1) = 10 + \frac{390484,617}{390484,617 + 314470,071} \cdot 5 = 12,77\%$$

3.4. Инвестицияның өтелу мерзімін PP есептеу

Бұл әдіс бастапқы инвестициялардың сомасын өтеуге қажет уақытты анықтауға негізделген:

$$PP = \frac{I_0}{CF_n}$$

$$PP = \frac{4457000}{995700} = 4,48 \text{ жыл}$$

Өтелу мерзімі 4,48 жыл.

3.5. Экономикалық есептеулер нәтижесінің қорытындысы

Экономикалық есептеулер нәтижесінде жылу электрлік станцияда отынның негізгі түрі ретінде биогаз жағудың тиімділігін есептедім. ПТВМ-100 қазанында негізінен мазут және табиғи газ жағылады. Пайдалы қазбалардың жылдан жылға азайып, қымбаттауынан экономикалық тұрғыдан биогаз отынын қолдану өте тиімді. БКЗ-420-140 қазандығының отын шығысы $V=900 \text{ м}^3/\text{сағ}$. Ал жылдық отын шығысы $V=7884000 \text{ м}^3/\text{жыл}$. Бұл инвестициялық жобаның өзін-өзі ақтауға кететін уақыт 4,48 жылды құрайды. Биогаз отынын ЖЭО-2-де қолдану қала маңы тұрғындары үшін экономикалық және экологиялық тұрғыдан өте тиімді.

4. Өміртіршілік қауіпсіздігі

Менің дипломдық жобамның тақырыбы : Алматы 2-ЖЭО биогазды қондырғы қолдану арқылы жаңарту.

Алматы ЖЭО-2 Алматы қаласының батысында, Қарасай ауданы Алғабас ауылында орналасқан. АЖЭО-2-2 жылулық электр станция, мұнда БКЗ-420-140-7С типті 7 бу қазан, ПТ-80/100-130/13 типті 3 бу турбина, Т-110/120-130-5 типті 2 және Р-50-130/13 типті 1 бу турбины орнатылған.

ЖЭО-2 қолданатын отын – Екібастұз көмірі. Түтін газдар 129 метрлі екі түтін құбырлары арқылы тасталады. ЖЭО-да жіберу қазандықтары бар, онда отын ретінде мазутты қолданады. ЖЭО-2-нің негізгі өнімі электрэнергия мен ыстық су болып табылады.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде келесі мәселелерді қарастырамыз:

1. Жылуэлектрорталығында (ЖЭО) шығыр цехындағы өрт қауіпсіздігі және оның алдын алу жолдары.
2. Ауа тазарту және желдету жүйелерін есептеу.

4.1 Шығыр цехындағы өрт қауіпсіздігі

Әр цехқа арналып, өрт қауіпсіздік – қорғауын сақтау үшін, ішкі тәртіп ережелері және нұсқаулар құрастырылады. Жылу тәсілдемелік жабдықтар орналасқан бөлменің өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары «Жылу қолдану қондырғыларын және жылу торабының тәсілдік пайдалану ережелерінде» жазылған. Жанғыш заттар сақтайтын немесе қолданылатын бөлмелер деп аталады. Жарылғыш қоспа туратын немесе қалыптасуы мүмкін қондырғылар және бөлмелер жарылуқауіпі бар аймақ болып табылады. Жарылу қауіпі барларға жатқызылатын бөлмелерде, адам эвакуациясын қамтамасыз ететін есіктер әр қабатта екеуден болуы тиіс. ОВМ негізгі желдеткіштерін қолданады; бөлмеден ластанған ауаны аластату үшін ВРН және ЭВР ортадан тепкіш сорғысын қолданады.

Желдеткіштің құрғанда және жобалағанда СН 245-71 және ГОСТ 12.1.005-88 байланысты санитарлы-гигиеналық, техникалық талаптар сақталуы қажет. Төмендегілер: желдетілетін дұрыс ауа ағындарын, құрамын қамтамасыз ету, желдеткіш қондырғысынан шуылды аластату, желдеткіш қондырғысының өрт және жарылыс қауіпсізділігі; сенімділік; үнемділік; қарапайым қызмет көрсету және тағы да басқа.

Цехтарда өрт келесі себептерден туындауы мүмкін:

- 1) жұмыс істеп тұрған машиналардың, құралдардың ұшқындануы және қызуынан, жүйедегі шамадан тыс тоқ немесе сымдардың қиылысу кезінде тоқтардың тұйықталу салдарынан;
- 2) құралдарды, қондырғыларды қосу немесе айыру кезіндегі дұрыс емес операциялар жасағанда;

3) ауамен араласқан сутегі қоспаларының, жанғыш газдардың, майлардың т.б. өздігінен тұтануы т.б.

Өрттен қорғану үшін төмендегідей шаралар қарастырылады:

- а) жанғыш заттардың түзілуінен қорғау;
- б) жанғыш заттардың түзілуінен және оларға тұтану көзін әкелуден қорғау;
- в) жанғыш заттардың температурасы мен қысымын тұтану бойынша рұқсат етілген мәнінен тұрақты ұстап тұру;
- г) жанғыш заттардың мөлшерін анықтау.

Турбина цехында өрттен қорғану жүйесі:

- а) мүмкіндігінше жанбайтын және қиын жанатын заттар мен материалдарды пайдалану;
- б) жанатын заттарды оқшаулау;
- в) өрт сигнализациясы және хабарлау құралын қолдану;
- г) әріптестік және жеке тұлғалық оттан қорғану құралын қолдану;
- д) өрт сөндіру құралдарын қолдану.

Өрт сөндіру құралдарының негізгілері:

- 1) суы бар, құм салынған ыдыстар және от сөндіргіш құралы;
- 2) брезент, асбест көрпе, тез тұтанатын сұықтардың аз мөлшерін сөндіруге пайдаланылады;
- 3) құм аз мөлшердегі жанғыш сұықтарды сөндіруге қолданылады;
- 4) химиялық көбік қатты және сұық заттардың сөндіруге арналған.

Қолданылатын от сөндіргіш құралдардың түрлері:

- а) көмірқышқылды (КҚ-5) от сөндіргіш – мазут, тозаң және 1000В –қа дейінгі электр қондырғыларындағы өртті сөндіруге арналған;
- б) үйлестірілген көбікті от сөндіргіш (ҮК-5)- 1000В-қа дейінгі электр қондырғыларындағы және кез-келген өртті сөндіруге арналған;
- в) химиялық көбікті от сөндіргіш (ХК-10) – тез тұтанатын материалдарды сөндіруге арналған.

Цех өрт сөндіру крандарымен және қолмен сөндіруге арналған шлангалармен жабдықталған. Өртке қарсы тәртіп ережелерге, инструкцияларға, өндіріс жетекшілерінің бұйрықтарына сәйкес анықталады. Өндірістің өрт қауіпсіздігі жауапкершілігі өндіріс жетекшісіне, ал бөлімдердің жауапкершілігі цех бастығына жүктеледі. Турбина цехының өрт қауіпсіздігі жауапкершілігі цех бастығына, ал ауысымдарда ауысым бастығына жүктеледі. Өндірісте инженер-техникалық қызметкерлер, жұмысшылар қатыстырылуымен өз еркімен өрт сөндірушілер дружинасы құрылады. Олардың мақсаты өртке қарсы тәртіптің орындалуын және сақталуын бақылайды. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау және алғашқы сөндіру құралдарын пайдалану бойынша жұмыстар жүргізіледі.

4.2 Қауіпсіздік тәсілі

«Электростанция және жылу торабындағы жылу механикалық жабдықтарды қолдану көзіндегі қауіпсіздік тәсілі ережелерінде» барлық қызметкерлер арнаулы киіммен, арнаулы аяқ киімімен, құралдармен және орындалатын жұмыс сипаттамасымен сәйкес келетін қорғанудың жеке құралдарымен жабдықталуы тиіс және жұмыс уақытында оларды қолдануы тиіс. Әрекет етуші энергетикалық жабдықпен бөлмеде бір болғанда қызметші қорғау каскаларын киюі тиіс. Электрстанциясының негізгі цехтарының жабдықтарына қызмет көрсететін және арнайы жұмысты орындауға жіберілген адамдардың білімін тексеру куәлігінде сол туралы жазылған болуы тиіс.

Жабдықтарды қауіпсіздің қолданудың ұйым қағидалары еңбекті қорғаудың нормативтік-техникалық документациясы талаптарына орналастырылады. Осының негізінде қызмет көрсетушінің арасындағы оперативті байланыс сұлбесін, негізгі өндірістің технологиялық сұлбесін, негізгі өндірістің технологиялық жүйесімен байланысты оның қағидалы сұлбесін, жабдықтың қысқа суреттемесін құрайтын пайдалану нұсқауын құрастырады. Жабдықтың қызметіне және жөндеуіне жасы 18-ге жеткен шамадағы адамдар жіберіледі.

Жабдықтың барлық ыстық бөліктері құбырлар, күбілер және басқа жұғысып кеткенде күйік тудыратын бөлшектер беткейінде жылулық оқшауламалары болуы тиіс. Оқшауламаның бетіндегі температура, қоршаған ауа температурасы 25°C болғанда, 45°C -ден аспауы керек

4.3 Желдету жұмыстары

ЖЭО-да жұмысшылар бір жұмыс орнында бірнеше тәулік бойы жұмыс істеуі мүмкін, ал мұндағы таза емес ауа даладағыдан көп есе артық болуы ғажап емес. Сондықтан да қолайлы жұмыс жағдайын келтіру керек. Жұмысшыларды жылу әсерінен қорғау үшін артық жылу сәулеленуді жою немесе төмендету керек, ал артық жылудан құтылу керек. ЖЭО-да сәулелік және жылулық энергиядан келесі қорғау тәсілдері қолданылады:

1) Ыстық және сәулелендіретін беттерді жылулық оқшаулау, яғни кіші жылу өткізгішті материалдармен. Тазалық қалыптарға байланысты құбырлардың жылу оқшаулау температурасы 35°C артпау керек.

2) Сәулелену көздерін жылуды жұтатын және шағылыстаратын материалмен қалқандау, сәулелік энергияны көз жаққа шағылыстыру қағидасымен жұмыс істейді.

3) Ауалық себезгілеу және желдету. Келесі желдету жүйелері қолданылады:

а) артық жылуды жоятын жалпы алмастырғыш табиғи;

б) ыстық цехтардағы жұмыс орындарына салқындатылған ауаны беретін жергілікті ағулық;

в) жоғары қауіпті қоспаны аулайтын және таза ауаны жұмыс аумағына беретін ағулықпен бірге жергілікті тартулық.

4) демалуға қолданылатын бөлмелер, яғни қолайсыз температуралық жағдайында жұмыс ұзақтығын шектеу.

5) қорғаныс киімдерін, аяқ киімді және бас киімдерді қолдану.

Ауаның ластануымен күресетін еңбір тиімді тәсілі тікелей зиянды заттардың пайда болатын көздерінде бөлінуін төмендету:

а) ошақтың, газ жолының, тасығыштардың, шнектердің берік саңылауы;

б) сиретілуде жұмыс істейтін қондырғылар, тозаң дайындайтын және беретін жолындағы ішене жергілікті тозаң сорғыштар қолданылады;

в) улы заттарды улы еместермен алмастыру жүргізу;

г) технологиялық процестерді механикаландыру және автоматтандыру.

Бұл жұмысшыларға едәуір қолайлы жағдайларында орналасуға мүмкіндік береді.

д) бөлмені желдету;

е) сонымен қатар тыныс мүшелерін қорғау үшін мынандай жеке қорғану құралдары қолданылады: респираторлар, сүзгілік протогаздары.

Кез келген механикалық жұмыс соңында жылуға айналатын бір түрдегі энергияның басқа түрге айналуы арқылы жүретіні белгілі. Сондықтан адамның орындайтын жұмысы неғұрлым қарқынды болса, онда ол соғұрлым көп мөлшерде жылу шығарады және оның көп бірлігін қоршаған ортаға береді. Егер адам денесі мен қоршаған орта арасындағы жылуалмасу қарқыны азайса, онда бұл жағдайда адам ағзасында жылу жиналады да оның температурасы көтеріле бастайды. Сонымен қатар адам денесінің температурасы қалыпты жағдайдан аз болғанда, ең аз дегенде 1°C-қа көтеріліп немесе төмендесе бұл адамның көңіл-күйінің өзгеруіне әкеп соғады.

Адам ағзасы қоршаған ауаның әсеріне қарсы тұрады, қалыпты жылу теңдестігін сақтауға және қорғаныс реакциялары арқылы, дене температурасының тұрақтылығын сақтауға ұмтылады.


а) адам температурасының әртүрлілігі мен ауа есебінен конвекция;

б) адам температурасының әр түрлілігі мен адам тұрған бөлменің ішкі қоршау беттері есебінен сәулеленуі;

в) адамды қоршаған температура және ауа ылғалдылығына байланысты тер шығару.

Шығарулық вентиляция (вытяжная вентиляция)

Шығарулық желдету қызметі – зиянды заттар мөлшерін азайту немесе жою. 2 – суретте шығарулық желдету сұлбасы көрсетілген. Үрлегіш тартулық каналда орналасады, нәтижесінде зиянды заттар ғимаратқа кіру мүмкіндігі жоғалады. Қолдану жағдайы: өндіріс орнын желдетіп отыру.




4.1 – сурет. Шығарулық желдету.
 АВ – шығар ауа (уходящий воздух);

ZU – приточный воздух.
 P_i (ішкі қысым) < P_a (сыртқы қысым).

Тартулық желдету

Тартулық желдету қызметі – өндіріс орнына таза ауаның келуін қамтамасыз ету. Үрлегіш ауа каналында орналасады, нәтижесінде сыртқы ортадан ғимаратқа келетін зиянды заттар, шаң жойылады немесе ғимаратқа таза ауамен алмастыралады. 3 – суретте тартулық желдету сұлбасы көрсетілген.

Тартулық және шығарулық желдету жүйелері қажет ауаның көлемдік шығына байланысты үрлегіш қызметін де атқарады.



4.2 – сурет. Тартулық желдету
 АВ – шығар ауа (уходящий воздух);
 ZU – приточный воздух.
 P_i (ішкі қысым) > P_a (сыртқы қысым).

4.3 Шығырлы цехтегі желдетуді есептеу

Желдету өндірістік жайындағы қалыпты санитарлы-гигиеналық шарттарды қамтамасыз ететін маңызды амал болып табылады. Ол өндірістік

жайынан тозаң, газ, бу, шектен тыс жылуды жояды. Желдетуді жобалау СНиП 11-33-75 "Жылыту, желдету және ауаны баптау" бойынша жасалады.

Желдету жүйесін есептеудің негізіне желдетудің өндірулігіне әсер ететін әртүрлі факторлардың коэффициенттері көмегімен ескерілетін жуықтау әдістері жатыр. Неғұрлым есептеу формулаларына көбірек коэффициенттер кірсе, соғұрлым олар көп факторларды ескереді және дәл нәтижелерді береді. Бірақ бірқатар жағдайларда бірнеше факторларды немесе олардың ең мәндісін ескеретін жинақталып қорытылған коэффициенттері бар дәл формулаларды қолдану рұқсатты.

Есептеуде шектен тыс ауаны жою үшін, жаз бен қыста шығырлы цехқа қанша ауаны енгізу керектігін және ауа алмасудың сағаттық еселігін (жылудың шығынын ескермей цех ғимаратының бөлек құрылымдық элементтері арқылы) табу қажет.

Шығырлы цехтың сыртқы өлшемдері:

ұзындығы 32 м;

ені 32 м;

өндіргіш бөлімнің биіктігі 12 м;

шығырлы бөлімдікі 26 м.

Цехте 4 шығыр қондырылған. Бір шығырдың жылу бөлетін бетінің ауданы $F=223 \text{ м}^2$.

Шығыр ішіндегі температура $t_{\text{ш}}=600 \text{ }^\circ\text{C}$. Жарықтандыру қондырғысының қуаты 20 кВт. Электр қозғалтқыштың қуаты $N_{\text{эл.коэф.}}=46,9 \text{ кВт}$.

Бір жұмысшыдан бір сағат ішінде қысқы және жазғы үшін орташа алқандағы жылу мөлшері 419 кДж (116 Вт).

Бір сағат ішінде шығырлы цех жайына шектен тыс түсетін жылуды табамыз:

$$Q_{\text{шек}}=Q_1+Q_2+Q_3+Q_4+Q_5;$$

мұндағы Q_1 – шығырдан бөлінетін жылу мөлшері;

Q_2 – жұмыс істеп тұрған электр қозғалтқыштан бөлінетін жылу;

Q_3 – жарықтандыру көздерінен жылу бөліну;

Q_4 – адам ағзасынан бөлінетін жылу мөлшері;

Q_5 – күн радиациянан енетін жылу.

1. Шығырдан бөлінетін жылу мөлшері:

$$Q = n \cdot F \cdot k (t_{\text{ш}} - t_{\text{шығ}}), \text{ Вт};$$

мұндағы $n = 4$ шығыр саны;

$k=1,75 \text{ Вт}/(\text{м}^2 \text{ К})$ – шығыр қабырғасының жылу өту коэффициенті;

$F=223 \text{ м}^2$ – бір шығырдың жылу бөлетін бетінің ауданы;

$t_{\text{ш}}=600 \text{ }^\circ\text{C}$ – шығыр ішіндегі температура;

$t_{\text{шығ}}=26 \text{ }^\circ\text{C}$ – шығар температура;

Сонда:

жазда

$$Q_{1ж} = n \cdot F \cdot k(t_{\text{ш}} - t_{\text{шығ}}) = 4 \cdot 223 \cdot 1,75(600 - 26) = 896 \text{ кВт};$$

қыста

$$Q_{1к} = n \cdot F \cdot k(t_{\text{ш}} - t_{\text{шығ}}) = 4 \cdot 223 \cdot 1,75(600 - 18) = 908 \text{ кВт}.$$

2. Жұмыс істеп тұрған электр қозғалтқыштан бөлінетін жылу мөлшері:

$$Q_2 = \psi_1 \cdot \psi_2 \cdot \psi_3 \cdot \psi_4 \cdot N_{\text{көрс.}};$$

мұндағы

ψ_1 – қондырылған қуатты қолданудың коэффициенті;

ψ_2 – жүктемелеу коэффициенті;

ψ_3 – бір уақыттық жұмыс істеп тұрған электр қозғалтқыштың коэффициенті;

ψ_4 – жылу энергиясына өтуіндегі жайдағы ауаның жылу ассимиляция коэффициенті;

Шамамен есептеуді жүргізгенде барлық төрт коэффициенттің қосындысы 0,25 тең.

$N_{\text{көрс.}} = 46,9 \text{ кВт}$ – электр қозғалтқыштың қуаты:

$$Q_2 = 0,25 \cdot 46,9 = 11,72 \text{ кВт}.$$

3. Жарықтандыру көздерінен жылу бөліну:

$$Q_3 = \varphi \cdot N_{\text{жар}};$$

мұндағы $\varphi = 0,8$ – жылуға өтетін электр энергия мөлшерін ескеретін коэффициент;

$N_{\text{жар}}$ – цехтың жарықтандыру қондырғысының қуаты;

$$Q_3 = 0,8 \cdot (20 \cdot 10) = 16 \text{ кВт}.$$

4. Адам ағзасынан бөлінетін жылу мөлшері:

$$Q_4 = n \cdot q;$$

мұндағы $n = 19$ – адам саны;

$q = 80 \div 116$ – бір адамның жылу шығыны;

$$Q_4 = 19 \cdot 116 = 2,2 \text{ кВт}.$$

5. Күн радиациянан енетін жылу жаз шарты үшін (қыс шарты үшін нольге тең):

$$Q_5 = F_{\text{кал}} \cdot q \cdot m \cdot k;$$

мұндағы $F_{\text{кал}}=4,75 \text{ м}^2$ – терезе ауданы, м^2 ;
 $q = 224 \text{ Вт/м}^2$ – терезенің 1 м^2 жылу түсу;
 $m=4$ – терезе саны;
 $k = 1,25$ – түзету көбейткіші, металл мұқаба үшін;

$$Q_{5\text{ж}}=4,75 \cdot 224 \cdot 4 \cdot 1,25=5,32 \text{ кВт.}$$

6. Цех жайына түсетін шектен тыс жылу:
 Жазда

$$Q_{\text{шек}}^{\text{ж}}=Q_{1\text{ж}}+Q_2+Q_3+Q_4+Q_{5\text{ж}}=931,24 \text{ кВт};$$

қыста

$$Q_{\text{шек}}^{\text{к}}=Q_{1\text{к}}+Q_2+Q_3+Q_4+Q_{5\text{к}}=937,92 \text{ кВт.}$$

7. Шектен тыс жылуды жұтатын цехқа қажетті қанша ауа мөлшерін енгізу керектігін табамыз:

$$G = \frac{3,6 \cdot Q_{\text{шек}}}{C \cdot \gamma \cdot (t_{\text{шығ}} - t_a)};$$

мұндағы $C=1 \text{ кДж/(кг}\cdot\text{К)}$ – құрғақ ауаның жылусыйымдылығы;
 $t_{\text{шығ}}=26^\circ\text{C}$ – шығар ауаның температурасы;
 $t_a=20^\circ\text{C}$ – ағулық ауаның температурасы;
 $\gamma= 1,205 \text{ кг/м}^3$ – ағулық ауаның салмағы $t= -15^\circ\text{C}$ кезінде;
 жазда

$$G_{\text{ж}} = \frac{3,6 \cdot Q_{\text{шек}}^{\text{ж}}}{C \cdot \gamma \cdot (t_{\text{шығ}} - t_a)} = \frac{3,6 \cdot 931,24 \cdot 10^3}{1,205(26 - 20)} = 464 \cdot 10^3 \text{ м}^3/\text{сағ};$$

қыста

$$G_{\text{к}} = \frac{3,6 \cdot Q_{\text{шек}}^{\text{к}}}{C \cdot \gamma \cdot (t_{\text{шығ}} - t_a)} = \frac{3,6 \cdot 937,92 \cdot 10^3}{1,205(26 - 20)} = 467 \cdot 10^3 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

8. Ауа алмасудың сағаттық еселігі:

$$k = \frac{G}{V};$$

мұндағы G – цехқа қажетті қанша ауа мөлшері;
 $V=26624 \text{ м}^3$ – шығыр цехының көлемі;

$$\text{жазда } k_{жс} = \frac{G_{жс}}{V} = \frac{464 \cdot 10^3}{26624} = 17 \quad 1/\text{сағ};$$

$$\text{қыста } k_{к} = \frac{G_{к}}{V} = \frac{467 \cdot 10^3}{26624} = 18 \quad 1/\text{сағ}.$$

Қорытынды: Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімін қорытындылай келе Алматы Жылу Электр Орталығының шығыр цехындағы өрт қауіпсіздігі мен оның алдын-алу тәсілдері жайлы сөз қозғадым. Ауа тазарту және желдету жүйелеріне есептеулер жүргіздім

Қорытынды

Қорыта келгенде бұл дипломдық жұмысымда пайдалы қазбалар ресурсы жылдан жылға азаюына байланысты, бейдәстүрлі энергия көзі биогаз отынын ЖЭО-2-де жағудың тиімділігі қарастырылды. Қоршаған ортаны ластайтын қалдықтар, тауық, сиыр фермасынан, қалалардан шығатын қалдықтарды пайдалану арқылы биогаз қондырғысын пайдаланып газ шығару. Ол газды ЖЭО-да көмірдің орнына жағу арқылы станциядан шығатын зиянды заттардан арылу, және де көптеген өзекті мәселелер шешілді. ХХІ ғасырға сай отынның жана түрі биогазды игеру. Қалалардан, ауылшаруашылығынан шығатын қалдықтар қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтіреді. Бүгінгі таңда адамзат өркеніеті қоршаған ортаға қамқорлық жасау, оның бар байлығын адам игілігі үшін мейлінше ұтымды пайдалану, қорғау және көркейту ісі бүгінгі күн талабына сай туындап отырған келесі мәселе. Табиғат қанша бай болғанымен, оның сан алуан ресурстарының қай-қайсысы болмасын шексіз емес екендігін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Қоршаған орта заңы бойынша, оның әсеріне байланысты айыппұл төленеді. Бұл жеке кәсіпкердің қосымша шығындалуына әкеп соқтырады. Мал шаруашылығы және одан басқа да нысандарынан шыққан қалдықтарды өңдеп, арзан энергия мен сапалы тыңайтқыш алу, оны терең мазмұнды түрде зерттеу қазіргі кезде өзекті мәселе. Кез келген дамыған мемлекет үшін бейдәстүрлі энергия көзін пайдалану, осыны қолға алып осымен жұмыс істеп өз шығынын өтеуде және өз табиғи байлықтарын үнемді пайдалану экономикасын, халықтың тұрмыс тіршілігін жақсартады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нормы технологического проектирования тепловых электрических станций., М. 1981 г. (ЖЭС-ды жобалау ереже).
2. Рыжкин В.Я. Тепловые электрические станции. М., Энергоатомиздат, 1987 г. (Оқулық).
3. Смирнов А.Д., Антипов К.М. Справочная книжка энергетика. М. Энергоатомиздат, 1984 г. (Анықтамалық).
4. Тепловой расчет котельных агрегатов (Нормативный метод), под ред. Кузнецова Н.В. и др., М. Энергия, 1973 г. (Ереже тәсілдемесі).
5. Липов Ю.М. и др. Компонировка и тепловой расчет парового котла. М. Энергоатомиздат. 1988г. (Оқулық).
6. Ривкин С.Л., Александров А.А. Теплофизические свойства воды и водяного пара. Справочник. М. Энергоатомиздат. 1984г. (Анықтамалық).
7. Никитина И.К. Справочник по трубопроводам ТЭС. М. Энергия. 1983г. (Анықтамалық).
8. Теплотехнический справочник, под ред. В.Н. Юренева, т.1,2 М., Энергия. 1975 г. (Анықтамалық).
9. Правила технической эксплуатации электрических станций и сетей. М. Энергоатомиздат. 1989г. (Жабдықтарды пайдалану ережесі).
10. Бакытжанов И.Б. Жылу электр станциялары. Дипломдық жобалау: Оқу құралы. Алматы, 2013.
11. Бакытжанов И.Б. Дипломдық жобалау. Әдістемелік нұсқау – Алматы: АЭЖБИ, 2007.
12. Рихтер Л.А. Охрана водного и воздушного бассейнов от выбросов ТЭС. М. Энергоиздат. 1981 г. (Оқулық).
13. Справочная книга по технике безопасности в энергетике. Т.1, 2. М.1978г.
14. Сергеев И.В. Экономика предприятия. М.2000. (Оқулық).
15. Чернухин А.А., Флаксерман Ю.Н. Экономика энергетика. М.1985. (Оқулық).
16. С.Г. Парамонов, Б.И.Түзелбаев. 050717- Жылу энергетикасы мамандығының «Жылу электр станциялары», «Су және отын технологиясы» мамандықтары бойынша барлық оқу түрінің студенттері үшін курстық жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар.- Алматы: АЭЖБИ, 2009. - 17 б.
17. Вентиляция производственных помещений. Ч.1. Методическое

указания. "Охрана труда и окружающая среда". Дипломный проект.
А86.

18. Хакімжанов Т.Е. ЕҢБЕК ҚОРҒАУ. Жоғары оқу орындары үшін оқу құралы.- Алматы: «ЭВЕРО», 2008 – 240 бет.Жылу электр станциялары.

Дипломдық жобалау: Оқу құралы / И.Б. Бақытжанов, В.О. Байбекова; АЭЖБУ

Қысқартулар тізімі

ТҚҚ – төменгі қысмды қыздырғыш
ЖҚҚ – жоғары қысымды қыздырғыш
ХСТ – хим.су тазалау
ҮҮК – үздіксіз үрлеу кеңейткіші
ШКШ – шикі көмір шанағы
ССБ – санитарлы сақтау белдемесі
ШРК – шекті рауалы концентрация
ЖҚ – жоғарғы қысым
ЖҚЦ – жоғарғы қысым цилиндрі
ЖЭО – жылуэлектр орталығы
ЖЭС – жылуэлектр стансасы
МАЭС – мемлекеттік аудандық электр стансасы
ОҚЦ – ортаңғы қысым цилиндрі
ПӘК – пайдалы әсер коэффиценті
СҮ – сулық үнемдегіш
ТҚ – төменгі қысым
ЖЖСҚ-жоғарғы желі су қыздырғышқа
ТЖҚС- төменгі желі су қыздырғышқа